

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын және Мамлютка қаласы және селолық округтердің әкімдеріне үміткерлердің таңдаушылармен кездесулерін өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 9 шілдедегі N 206 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 шілдеде N 2310 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 8 тамыздағы N 267 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігінің 08.08.2013 N 267 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 4, 6-тармақтарына, «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының 29-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мамлют аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірге (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлютка қаласы және селолық округтері әкімдеріне барлық үміткерлер үшін Мамлют ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны болып, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы Сәбит Мұқанов көшесі, 11 мекенжайы бойынша орналасқан Мамлют № 1 мектеп-гимназиясының акт залында орналасқан стенд белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлютка қаласы және селолық округтері әкімдеріне барлық үміткерлердің таңдаушылармен Мамлют ауданының аумағында кездесулерді өткізу үшін шартты негізде Сәбит Мұқанов көшесі, 11 мекенжайы бойынша орналасқан Мамлют № 1 мектеп-гимназиясының акт залы берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын Мамлют ауданы әкімінің аппарат басшысы міндетін атқарушы Н.Н. Шаренковаға жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданының әкімі *В. Бубенко*

«КЕЛІСІЛДІ»:

Мамлют аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы *В. Целуйко*
9 шілде 2013 жыл